

Қазақстан Республикасының ормандарында өсіп тұрған сүректі босату ережелерін бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1995 жылғы 29 мамырдағы N 752 қаулысы. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2003.12.22. N 1287 қаулысымен.

Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің "Қазақстан Республикасының Орман кодексін күшіне енгізу туралы" 1993 жылғы 23 қаңтардағы N 1925-ХІІ қаулысына сәйкес Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қаулы е т е д і :

Қазақстан Республикасының ормандарында өсіп тұрған сүректі босату Ережелері бекітілсін (қоса беріліп отыр).

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы
П р е м ь е р - м и н и с т р і н і ң

бірінші орынбасары

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы
М и н и с т р л е р К а б и н е т і н і ң
1 9 9 5 ж ы л ғ ы 2 9 м а м ы р д а ғ ы
N 7 5 2 қ а у л ы с ы м е н
бекітілген

Қазақстан Республикасының ормандарында өсіп тұрған сүректі босату Ережелері

Жалпы ережелер

1. Қазақстан Республикасының ормандарында өсіп тұрған сүректерді босату Ережелері Қазақстан Республикасының Орман кодексіне сәйкес жасалған және ол сүректерді, қосымша ағаш материалдарын дайындау мен тасуды, алқаағаштардан шырын ағызу орман пайдалануды жүзеге асыруға, сондай-ақ орман шаруашылығын жүргізуге және орман пайдалануды жүзеге асыруға, сондай-ақ орман шаруашылығын жүргізуге және орман пайдалануды жүзеге асыруға байланысты және байланыссыз да басқа жұмыстарды өндіруге байланысты өндірістік объектілерді тұрғызу үшін орман алқаптарын ормансыз алқаптарға көшіру кезінде, орман қоры жерлері құрамынан шығарылатын орман

алқаптарын тазарту кезінде ағаш кесуді жүзеге асыратын орман иеленушілер мен орман пайдаланушылар, өзге де шаруашылық жүргізуші субъектілер үшін міндетті болып табылады.

Осы Ереженің, орманның меншік нысанына қарамастан, пайдалануға берілген орман қоры, оның ішінде жалға беру жағдайындағы телімдерді қоса отырып, Қазақстан Республикасының орман қорының барлық аумағы үшін күші бар.

2. Сүректі, қосымша ағаш материалдарын, алқаағаштардан шырын мен шайыр ағызуды дайындауға және тасуға ағаш саудаласуы (аукциондары) арқылы сатылған сүректі сатып алу-сату шарты негізінде орман иеленуші берген, өсіп тұрған сүректі шағындап босатуға арналған, тек ағаш кесу билеттері мен ордерлері бойынша рұқсат етіледі. <*>

Ағаштар мен қосымша ағаш материалдарын дайындау мен тасу немесе алқаағаштардан шырын және шайыр ағызу үшін ешбір басқа құжаттар, сондай-ақ лауазымды адамдардың ауызша өкімі негіз бола алмайды.

Ескерту. 2-тармақ өзгерді - ҚР Үкіметінің 2003.04.14. N 358 қаулысымен .

3. Өсіп тұрған сүректі шағындап босатуға арналған ағаш кесу билеттері мен ордерлерінің нысанын, сондай-ақ оларды есепке алу, сақтау, жазып толтыру және беру тәртібін Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі мен келісім бойынша Қазақстан Республикасының орман шаруашылығын мемлекеттік басқару органы белгілейді.

Ағаш кесу билетінде орман пайдаланушының атауы, оның салық төлеушінің тіркеу нөмірі мен заңды мекен-жайы, орманды пайдаланудың түрі, көлемі мен мерзімдері, өсіп тұрған сүрек үшін төлем сомасы көрсетіледі.

Өсіп тұрған сүректі шағындап босатуға арналған ағаш кесу билеттері мен ордерлерінің бланктері* барлық орман иеленушілер үшін Қазақстан Республикасының орман шаруашылығын мемлекеттік басқару органы арқылы республика үшін бірыңғай үлгіде бір орталықта әзірленеді және қатаң есептегі бланктер ретінде ескеріледі.

* бұдан әрі текст бойынша - "ордер"

Ескерту. 3-тармақ өзгерді - ҚР Үкіметінің 2002.04.15. N 431 қаулысымен .

4. Ағаш кесу билеті немесе ордер жөніндегі құқықты бір орман пайдаланушыдан басқа бір орман пайдаланушыға беру осы құжатты олардың жазбаша өтініштері негізінде, облыстық орман шаруашылығын мемлекеттік басқару органының рұқсатымен беретін орман иеленушілердің дайындау үшін белгілеген мерзімдері шеңберінде жүргізіледі.

Құқықты басқа орман пайдаланушыға беруді белгілеуді орман иеленуші ағаш кесу билетінің, ордерінің барлық данасында жүзеге асырады.

5. Сүректерді, қосымша ағаш материалдарын дайындау, алқаағаштардан

шырын мен шайыр ағызу мақсатында орман қоры телімдерін пайдалану құқын тоқтату мынадай жағдайларда:

а) орман ресурстарын пайдаланбағаны үшін тиісті айып сомасын орман пайдаланушыларға төлей отырып орман пайдаланудан өз еркімен бас тартқанда немесе орман пайдалану мерзімі біткенде;

б) орман қорының телімі пайдалануға берілген кәсіпорынды немесе шаруашылық қызметіндегі басқа да субъектіні таратқанда;

в) орман пайдаланудың белгіленген тәртібі мен ережесін бұза отырып орман пайдалануды жүзеге асырғанда;

г) ормандардың жәй-күйіне, өсірілуіне теріс ықпал ететін, олардың экологиялық қызметін төмендететін, сондай-ақ топырақ эрозиясының пайда болуын және басқа тұрлаусыз процестерге әкеп соқтыратын әдістермен орман пайдалануды жүзеге асырғанда;

д) орман пайдаланушылар рұқсаттық құжаттарда көзделген міндеттерді орындамағанда;

е) рұқсаттық құжаттарда көзделген орман пайдаланудың одан әрі мүмкіндігін тоқтататын қорғаныштық топтар мен категорияларға ормандарды жатқызғанда;

ж) орманды пайдаланғаны үшін төлемді мерзімінде жасамағанда жүзеге асырылады.

Орман қоры телімдерін пайдалану құқын тоқтатуды оны берушілер орман иеленушінің ағаш кесу билеті мен ордерін жоя отырып ресімдейді.

Орман қоры телімдерін пайдалануға құқық тоқтату туралы шешіммен орман пайдаланушы келіспеген жағдайда ол осы тәртібімен шағым бере алады.

6. Орман пайдаланудың түрлеріне қарай орман пайдаланушылар мыналарға:

а) жұмысты ормандардың жай-күйіне және ұлғайта өсірілуіне, басқа табиғат объектілеріне кері әсер жасалмайтын тәсілдермен жүргізуге;

б) топырақ эрозиясының тууына жол бермеуге;

в) санитарлық ережелер мен өрт қауіпсіздігін сақтауға, жұмыстар атқарылатын жерлерге орман иеленушілер белгіленген көлемде өртке қарсы шараларды жүргізуге, ал орман өрттері шыққан жағдайда оларды сөндіруді жүзеге асыруға;

г) орман пайдалануды жануарлар дүниесін және олар өмір сүретін ортаны сақтауды қамтамасыз ететін тәсілдермен жүргізуге;

д) кеспеағаштарды кесу, қалдықтарынан тазартуды жүргізуге, орман пайдалануды жүзеге асыру кезінде бүлінген орман қоры телімін рұқсат құжаттарда көрсетілген және оларды белгілі мақсатта пайдалану үшін өз есебінен жарамды күйге келтіріп беруге, ағашы кесілген жерлерде, сондай-ақ олардың қызметі салдарынан жойылған немесе оталған орманды қалпына келтіруді жүзеге асыруға.

Кеспеағашты кесу қалдықтарынан тазарту сүректі, қосымша ағаш материалдарын дайындау кезінде бір мезгілде, рұқсат құжаттарда белгіленген тәсілмен және уақытта атқаруға;

е) оларға берілген кеспеағаштарды, ал сондай-ақ шырын ағызуға және қосымша ағаш материалдарын дайындау үшін бөлінген орман ағаштарын барынша толық және ұтымды пайдалануға;

ж) ағаш кесілген жерлерде кесілмеген ағаштар мен дайындалған сүректі және оларды дайындау мен тасу мерзімдері аяқталғаннан кейін орманда қалдырмауға;

кесуге белгіленген ағаштар мен орман телімі, бірақ рұқсат құжаттарында көзделген мерзімде кесілмесе, олар кесілмеген ағаштар болып есептеледі;

з) жолдар табаны үшін, ағаш қоймалары, басқа да ғимараттарға арналған орман алаңдарын өңдеу мен тазарту кезінде орман жерлерін қоқыстандыруға, сондай-ақ орман жиегіне жанасатын ағаштарды жылжытуға және кесілген ағаштарды қалдыруға жол бермеуге;

и) жазғы кезеңде ормандарда қылқан, қабықталған сүректің қабықтарын немесе көлеңкелей отырып сүректі тығыздай қатарлап үюді немесе оларды зиянды жәндіктер мен ауруларға шалдығудан сақтандыратын басқа тәсілдермен өңдеу, қорғауды қолданылып жүрген санитарлық нормалар мен талаптарға сәйкес жүргізуге;

к) орман пайдалануды жүзеге асыру кезінде рұқсат құжаттарда сақталуы көзделген тұқымдық топырақтар мен алқаптардың, тұқымдықтардың және басқа кесуге жатқызылмаған ағаштардың, өскіндер мен жас шыбықтардың сақтаушы, кеспеағашқа жапсарлас алқаағаштардың, сондай-ақ шекаралық, шаршылық, мөлдектік бағаналар мен ағаштардағы және түбірлердегі таңбалардың сатылуын қамтамасыз етеді. Алқаптардағы өскіндер мен жас шыбықтардың сақталу тәртібін Қазақстан Республикасының орман шаруашылығын мемлекеттік басқару органы бекітеді;

л) сүректі тасып шығару кезінде бүлдірілген соқпақтарды, жолдарды, көпірлер мен басқа да ғимараттарды тиісті жәй-күйіне келтіруге және сақтауға;

м) орманды пайдаланғаны үшін ақыны белгіленген мерзімінде төлеуге;

и) орман заңдары мен орман пайдалану ережелерінде көзделген басқа да талаптарды орындауға міндетті.

Сүрек дайындау

7. Орман пайдаланудың белгіленген тәртібіне сәйкес өсіп тұрған сүректерді босату мынадай жолмен жүргізіледі:

а) басты мақсатта пайдалану үшін бірінші және екінші топтардағы ормандарда ағаш кесу барысында-қорықтардан, ұлттық және тарихи-табиғи

саябақтардан, табиғат ескерткіштері, қорықтар аймақтарынан, ғылыми маңызы бар ормандардан, орман саябақтарынан, жаңғақ кәсіпшілігі аймақтарынан, жеміс ағаш екпелерінің ормандарынан, қала ормандарынан, жасыл аймақтардың орман саябақтары бөліктерінен, сумен жабдықтау көздерін санитарлық қорғау аймақтары бірінші және екінші белдеулерінің ормандарынан және курорттарды санитарлық қорғау округтерінің бірінші және екінші аймақтарынан, мемлекеттік орман алқаптары, эрозияға қарсы және субальпілік ормандарынан, ерекше құнды орман алқаптарынан, өзендер, көлдер, су қоймалары және басқа су объектілері жағалауларының тыйым салынған алқаптары ормандарынан (су жайылатын жерлердегі жапырақты ағаштардан басқалары), сондай-ақ ерекше қорғалатын телімдердегі ормандардан басқа.

Аталған қорғаныштық категориялардағы ормандарда тек орманды күтіп баптау үшін кесуге және санитарлық кесуге, сондай-ақ облыстық мемлекеттік орман шаруашылығын басқару органының рұқсаты бойынша басқадай кесуге не кесуге, шаруашылық жағынан құндылығы аз және қорғаныштық, су қорғаушылық қасиеттерін жоғалта бастаған және экологиялық қызметін қайта құруға байланысты ағаштарды кесуге ғана жол беріледі.

Кесу ережелерінде көрсетілген тізбеге сәйкес басты мақсатта пайдалану үшін құнды және сирек, сүрек пен бұталық тұқымдарды кесу белгіленбейді.

б) аралық пайдаланудағы бірінші және екінші топтардағы ормандарда орманды күтіп-баптау үшін кесу мен санитарлық кесу және құндылығы аз орман екпелерін қайта құруға байланысты кесуді жүргізген кезде;

в) ағашты басқа мақсатта кесуді жүргізу кезінде (гидротораптардың, құбырлардың, жолдардың құрылысына байланысты, орман соқпақтарын салған кезде, өртке қарсы алаңқайлар жасаған кезде орман алаңдарын тазарту).

Ағашты басқа да кесу жұмыстарды жүргізуге арналып бекітілген жобалар мен техникалық жағдайларға сәйкес жүзеге асырылады.

8. Ағашты басты мақсатта пайдалану үшін кесуге және орманды күтіп-баптау үшін кесуге тек есептегі кеспеағаш пен жыл сайынғы аралық пайдалану көлемі белгіленген тәртіпте анықталған шаруашылықтарға ғана рұқсат беріледі.

9. Ағаш кесудің барлық түрі белгіленген тәртіпте бекітілген ережелерге (нұсқаулар мен ережелерге) сәйкес жүргізіледі.

Сүректі дайындаудың, тасудың мерзімі мен тәртібі және мерзімді кейінге қалдыруға рұқсат алу

10. Ағашын кесу белгіленген кеспеағашта сүрек дайындау мерзімі сол жылғы қаңтардың 1-нен желтоқсанның 31-іне дейін, ал тасу мерзімі келесі жылғы мамырдың 1-іне дейін белгіленеді.

11. Сүректі ұсақ ағаш дайындаушылар мен азаматтарға босату кезінде орман иеленуші ағаш дайындау көлеміне қарай оны дайындау мен тасып алуға қысқа мерзім белгілеуі мүмкін.

12. Сүректі босату кезінде оның кеспеағаш алаңынан тасып шығарылуын сан жағынан есептей отырып, қанша дайындалғанын куәландырғанға дейін ағаш кесу билетінде немесе ордерде көрсетілгендей уақытша ағаш қоймасында рұқсат беріледі.

Алқаағаштардағы өрт зақымдаған, сондай-ақ дауыл омырған және жел сұлатқандарын өңдеу есебінен сүректі сан жағынан есепте, босату кезінде осы сүректі есептеуді ұйымдастыру кезінде оны төменгі қоймаға тасуға рұқсат етіледі.

13. Гидротораптар, құбырлар, жобалар, байланыс пен электр желілері құрылысына, кен орнын әзірлеу, пайдалы кен өндіру ісіне байланысты тазартылатын алаңдағы сүрек босату, орманды алқапты ормансыз алқапта көшіруге байланысты өзге жағдайларда ағаштарды кесу жобалық құжаттамадағы осы жұмыстарды жүргізу үшін белгіленген мерзімде атқарылады. Мұндай жағдайда рұқсат құжаттарды жыл бойы ағымдағы жылы игеру көзделген сүрек санына қарай беріледі.

14. Орман иеленушілердің өздері орманды күтіп-баптау және санитарлық кесу, мәдени ормандық, өртке қарсы және басқадай орман шаруашылық шараларын жүргізу кезінде, ағашты кесілген жерлерде тұтынушыларға сату жағдайында дайындалған сүректі тасып алудың мерзімі ағаш кесу билеттерінде, ордерлерде көрсетілмейді. Осы сүректі тұтынушылардың, сондай-ақ орман иеленушілердің қарауына келіп түсетін сүректі (иесіз, ағаш дайындаушылар дер кезінде тасып алмаған және рұқсатсыз кесілген) тасып алу мерзімін осындай сүректің санына, тасып алу маусымына, тасымалдау жолдарына және басқа жағдайларға байланысты орман иеленушілер осы сүректі тұтынушыларға берілетін күннен бастап 12 айға дейінгі мерзімге белгілейді.

15. Басталған және ол жұмыс белгіленген мерзімде аяқталмаған кеспеағаш болған жағдайда, сондай-ақ дайындалған сүрек орман ішінде қалдырылған, бірақ мерзімінде тасып алынбаған жағдайда ағаш дайындаушы бұл жұмыстарды бес айдан аспайтын мерзім ішінде жүргізу үшін уақытты кейінге қалдыруға рұқсат алуы мүмкін.

Мерзімді кейінге қалдыруға рұқсатты орман иеленуші ағаш дайындаушының жазбаша өтініші бойынша береді, ал бұл өтініш сүрек дайындауды аяқтау немесе оны тасып алу жөнінде белгіленген мерзімнен кейін қалдырылмай берілуге тиіс.

Азаматтарға сүректі дайындауды немесе алып кетуді кейінге қалдыруды шегеруге рұқсат олардың айтқан өтініштері бойынша, егер олар сүректі дайындау мен әкету үшін белгіленген мерзімнен кейін жасалмаса рұқсат беріледі

16. Сүрек дайындауға арналған мерзім кейінге қалдырылған жағдайда өсіп тұрған күйінде қалған сүректің таксациялық құнының айына 1,5 проценті мөлшерінде ағаш дайындаушыдан өсім алынады.

Сүректі тасып әкету мерзімі кейінге қалдырылған жағдайда ағаш дайындаушылар кейінге қалдырудың әр айы үшін мерзімінде тасып әкетілмеген сүрек көлемін есепке ала отырып, оның таксациялық құнының 4,5 проценті мөлшерінде өсім төлейді.

Орман иеленуші ағаш дайындаушының өтініміне көрсетілген кесілмей қалған және тасып әкетілмеген сүректің санына сәйкес бақылау тексерісін жүргізуге міндетті.

Ағаш кесу немесе ордерге мерзімнің кейінге қалдырылуы туралы белгі жасауды орман иеленуші жүргізеді.

Орман иеленуші орманды күтіп-баптау үшін кесуі және басқадай кесуі тәртібімен дайындалған сүректі тұтынушылардың тасып алуына да және орман иеленушінің қарамағына келіп түскен сүректі (иесіз және басқа сүректерді) франко-кеспеағаш тұрғысында сатуына осындай тәртіпте мерзім кейінге қалдырылуы мүмкін.

17. Ағаш кесілген жерлерден тасылып алынған сүрек, егер ол темір және тас жолдар бойындағы қоймаларға, қондырғылар мен өңдеу үшін бейімделген, сондай-ақ ағаш тасылатын жолдар бойындағы немесе орман иеленушімен келісілген және ағаш кесу билетінде немесе ордерде көрсетілген жерлерде орналасқан басқа да қоймаларға тасылып жеткізілген болса, тасылып алынған болып есептеледі.

Белгіленген мерзімдер өткеннен кейін тасып әкетілген сүрек (берілген мерзімін кейінге қалдыруды ескере отырып), сондай-ақ өз бетімен кесілген сүрек орман иеленушінің билігіне түседі және олар заңнамада белгіленген тәртіппен сатады.

Ескерту. 17-тармақ өзгерді - ҚР Үкіметінің 2002.04.15. N 431 қаулысымен .

18. Өздеріне бөлінген кесілетін ағаш қорын толық пайдаланған ағаш дайындаушылар облыстық орман шаруашылығын мемлекеттік басқару органының рұқсаты бойынша осы жылғы 1 қазаннан бастап өздеріне келесі жылға бөлінген кесілетін ағаш қорының 20 процентке дейінгі мөлшерінде кеспеағашты жедел түрде кесе алады. Бұл орайда рұқсат тек кесу алқабын анықтаған, пайда болған қателіктерін жойған соң ғана және кеспеағаштың жыл сайынғы есептелген белгіленген шегінде берілуі мүмкін.

Кесілетін ағаш қоры

19. Кесілетін ағаш қоры басты мақсатта пайдалану жөнінде сүрек дайындау үшін белгіленген толысу мерзімі жетілген сүректің қорынан құралады.

Кесілетін ағаш қорының жыл сайынғы мөлшері ормандардың жеке-дара топтары бойынша қылқан жапырақты, қатқыл жапырақты және жұмсақ жапырақты тұқымдар бойынша бөлінген мәліметтермен анықталады.

20. Кесілген ағаш қоры ағаш дайындаушылардың ағаш саудаласуына (аукциондарына) қатысуға жазбаша өтінімдері негізінде қалыптастырылады, олар қаңтардың 1-інен наурыздың 1-і аралығын қоса мерзімде, ағаш дайындау басталғанға дейін бір жыл бұрын облыстық орман шаруашылығын мемлекеттік о р г а н ы н а ж о л д а н а д ы . < * >

Ағаш саудаласуына (аукциондарына) Қазақстан Республикасының орман шаруашылығын басқару жөніндегі уәкілетті орган белгілеген біліктілік талаптарына жауап беретін ағаш дайындаушылар жіберіледі.<*>

Ескерту. 20-тармақ өзгерді - ҚР Үкіметінің 2003.04.14. N 358 қаулысымен .

21. Облыстық орман шаруашылығын мемлекеттік басқару органы өтінімдер қабылдау аяқталғаннан кейінгі 15 күндік мерзім ішінде өтінім жасалған кесілетін ағаш қорын орман иелері бойынша олар үшін белгіленген есептегі кеспеағаш шегінде орналастырылады. Сәуірдің 15-іне дейінгі мерзімде облыстық экономика комитетімен келіскеннен кейін облыс бойынша материалдар деректері Қазақстан Республикасының орман шаруашылығын мемлекеттік басқару органына ж і б е р і л е д і . < * >

Ескерту. 21-тармақ өзгерді - ҚР Үкіметінің 2003.04.14. N 358 қаулысымен .

22. Қазақстан Республикасының орман шаруашылығын мемлекеттік басқару органы мамырдың 15-іне дейінгі мерзім ішінде кесілетін ағаш қорын орман иелері бойынша бөлу жөніндегі материалды қарайды, оны бекітеді және облыстық орман шаруашылығын мемлекеттік басқару органдарына жеткізіп б е р е д і . < * >

Ескерту. 22-тармақ өзгерді - ҚР Үкіметінің 2003.04.14. N 358 қаулысымен .

23. Кесілетін ағаш қорын орман иелері бойынша бөлу жөніндегі бекітілген материалдарды маусымның 10-на дейінгі мерзім ішінде облыстық орман шаруашылығын мемлекеттік басқару органы орман иеленушілер мен ағаш дайындаушыларға ж е т к і з е д і . < * >

Ескерту. 23-тармақ өзгерді - ҚР Үкіметінің 2003.04.14. N 358 қаулысымен .

2 4 . < * >

2 5 . < * >

Ескерту. 24,25-тармақтар алып тасталды - ҚР Үкіметінің 2002.04.15. N 431 қ а у л ы с ы м е н .

26. Жалға берілген орман қоры телімдеріндегі басқадай ағаш дайындаушыларға кеспеағаш бөліп беруге тыйым салынады.

Ескерту. 27-тармақ алып тасталды - ҚР Үкіметінің 2002.04.15. N 431

қ а у л ы с ы м е н .

28. Кесілетін ағаш қорын бөлу және таксациялау жөніндегі нақты жұмыс ағаш саудаласуына (аукциондарға) қатысуға өтінім берген жылдың қыркүйек айының 1-іне дейін аяқталуға тиіс, сонан соң орман иеленуші бөлінген кеспеағашты материалдық және ақшалай бағалау құжаттарымен ағаш дайындаушыға танысу үшін ұсынады. <*>

Ескерту. 28-тармақ өзгерді - ҚР Үкіметінің 2003.04.14. N 358 қаулысымен .

29. Ағаш дайындаушы өзіне бөлінген кеспеағашты қарап шығуға, материалдық және ақшалай бағасымен танысуға құқы бар. Орман иеленушінің мәліметтерінің ағаш дайындаушылар мәліметтерінен айырмашылығы болған жағдайда, соңғысы ағаш кесу билетін немесе ордерді алғанға дейін орман иеленушіге жазбаша түрде қажетті негіздеулермен өзінің қарсылығын білдіруге құқы бар. Орман иеленуші ағаш дайындаушыға тексеріс жүргізілетін күн жөнінде күні бұрын хабарлайды және 10 күн ішінде жергілікті жерде ағаш дайындаушы өкілінің қатысуымен берілген шағымды тексереді, тексеріс нәтижесі жөнінде акт жасалады. Ағаш дайындаушының өкілі келмей қалған жағдайда белгіленген мерзімде орман иеленуші бір жақты негізде тексеріс жүргізеді. Осылай жасалған тексеру актісі ағаш дайындаушы үшін міндетті б о л ы п т а б ы л а д ы . < * >

Орман иеленушінің алғашқы мәліметтерінен тексеру барысында анықталған 10 проценттен астам ауытқушылық, сондай-ақ ағаш кесу, кеспеағашты бөлу мен таксациялау ережелерінен бас тартушылықты орман иеленуші 10 күн мерзім і ш і н д е т ү з е у г е т и і с .

Ескерту. 29-тармақ өзгерді - ҚР Үкіметінің 2003.04.14. N 358 қаулысымен .

Ескерту. 30-тармақ алып тасталды - ҚР Үкіметінің 2003.04.14. N 358

қ а у л ы с ы м е н .

31. Ағаш дайындаушы өзіне кесілетін ағаш қоры алдын-ала берілгеннен кейін осы Ережелердің 49-55 тармақтарына сәйкес қабылдап алынған кеспеағаштарда дайындық жұмысын жүргізуге құқы бар.

Ескерту. 32-тармақ өзгерді - ҚР Үкіметінің 2002.04.15. N 431 қаулысымен .

Ескерту. 32-тармақ алып тасталды - ҚР Үкіметінің 2003.04.14. N 358

қ а у л ы с ы м е н .

Ескерту. 33-тармақ алып тасталды - ҚР Үкіметінің 2003.04.14. N 358

қ а у л ы с ы м е н .

34. Ағаш дайындаушыға келесі жылға арнап кесілетін ағаш қорын ресімдеген кезде оған берілетін кесілетін ағаш қоры есебіне оған қалдырылған кесілмеген ағаштар, кесу мерзімі кейінге қалдырылған ағашын кесу жұмысы аяқталмаған кеспеағаштар, өткен жылда ағашын кесу басталмаған кеспеағаштар, сондай-ақ дайындалған, бірақ мерзімінде тасып алынбаған (мерзімі кейінге қалғанын ескере отырып) сүрек жатқызылады.

35. Қазақстан Республикасының орман шаруашылығын мемлекеттік басқару органы қажет болған жағдайларда кесілетін ағаш қорын пайдалануға арналған рұқсат құжаттарды алу мерзімін ұзарта алады, мұның өзі ағаш дайындаушыны а й ы п қ ұ н н а н б о с а т п а й д ы .

Ескерту. 35-тармақ өзгерді - ҚР Үкіметінің 2002.04.15. N 431 қаулысымен .

3 6 . < * >

Ескерту. 36-тармақ алып тасталды - ҚР Үкіметінің 2002.04.15. N 431 қ а у л ы с ы м е н .

37. Орманды күтіп-баптау үшін кесу, санитарлық кесу және басқа орман шаруашылығы, мәдени орман мен өртке қарсы шараларды жүргізу кезінде ғылыми-зерттеулерді, геологиялық орман орналастыру және басқа іздестіру мен зерттеу жұмысын, мелиорациялық жұмыстарды, құрылыс пен жолдарды жөндеуді, жолдық ғимараттарды салуды, құбырлар төсеуді, байланыс пен электр беретін желілер тартуды жүзеге асырушы кәсіпорындар, мекемелер мен ұйымдар , сондай-ақ шалғайдағы мал шаруашылығы қызметкерлері мен жергілікті халық бүкіл жыл бойына ағаш кесу билеттері мен ордерлерді алу құқын пайдаланады.

38. Кесілетін ағаш қорын пайдалануға рұқсат құжаттарды алған күннен бастап ағаш дайындаушыға берілген кеспеағаш оның қорғауына тапсырылған болып есептеледі, мұнда оған осы Ережелерде көзделген міндеттердің бәрі жүктеледі және де материалдық және ақшалай бағалаумен келіспеушілігі туралы ш а ғ ы м ы қ а б ы л д а н б а й д ы .

39. Қажет болған жағдайларда орман иеленушілер облыстық орман шаруашылығын мемлекеттік басқару органының рұқсатымен ағаш дайындаушыларға жұмыс атқарылатын жерлерде берілген, оның ішінде бөлінген сау алқаағаштарда ағашын кесу басталған кеспеағаштарды, екпелерінде табиғи апат, орман аурулары мен зиянкестер бүлдірген кеспеағаштарды алмастыра а л а д ы .

40. Бір жылға бөлінген мөлшерден тыс сүректі қосымша босатуға:

а) < * >

б) барлық топтағы ағаштарда облыстық орман шаруашылығын мемлекеттік басқару органдарының рұқсатымен:

жел құлатқан, өртенген ағаштарды кесу жүргізу талап етілетін алқаағаштарда жоспарда белгіленгендегіден тыс ормандарды күтіп-баптау үшін кесу және

санитарлық кесу тәртібімен, сондай-ақ орман орналастыруды жүргізу барысында белгіленетін көлемде жекелеген ағаштарды, тұқымдық және сирек ағаштарды кесу тәртібімен;

белгіленген тәртіппен орманды алқапты ормансыз алқапқа көшіруге байланысты, сондай-ақ ағымдағы байланыс желілерін және электр беруді, жолдарды, құбырларды, соқпақтарды, шекаралық желілерді, мелиорациялық желілерді ұстауға байланысты ағаштарды басқа да кесуді жүргізгенде;

в) орман иеленушінің рұқсатымен барлық топтағы ормандарда: белгіленген жоспар бойынша мәдени орман, орманға орналастыру, өртке қарсы және басқа орман шаруашылық жұмыстарын жүргізуге байланысты ағаштарды кескенде;

кеме жүру жағдайында белгілердің көрінуін қамтамасыз ету үшін ағаштар мен бұталары, сондай-ақ кеме жүруіне қауіп тудыратын ағаштарды кесу барысында;

тоқу және басқа мақсаттар үшін бұта (талдар) талдарды кесу есебінен; шырпы және кеуіп тұрған сүректер есебінен;

орман шаруашылығының қажеті үшін орманшылық жылы (есептелген кеспеағашты толық пайдаланбағанда) іскерлік кеспеағашты 100 куб. метрге дейін дайындау үшін, орман қоры аумағында салынатын жолдар, байланыс және электр беру желілері, сондай-ақ ғылыми-зерттеу, геологиялық іздестіру және зерттеу жұмыстарын жүргізуге дайындау үшін шағын топтармен босатуға рұқсат етіледі.

Ескерту. 40-тармақ өзгерді - ҚР Үкіметінің 2003.04.14. N 358 қаулысымен .

Шайыр дайындау

41. Шайыр дайындауға осы Ереженің 7-тармағында көрсетілген қорғаныштық категориялардан басқа, бірінші және екінші топтардағы ормандарда рұқсат етіледі және ол Қазақстан Республикасының орман шаруашылығын мемлекеттік басқару органы бекітетін шайыр дайындау Ережесіне сәйкес жүргізіледі.

42. Міндетті түрде шырын алу аймағындағы шайыр дайындау басты мақсатта пайдалану үшін кесуге арналған барлық толысқан алқаағаштарда жүргізіледі. Егер толысқан сүректіңде шырын алудың шикізат базасы сарқылған болса, онда шырын ағу мерзімі аяқталғанға дейін кесу жасына жететін толыса бастаған алқаағаштарда жүргізілуі мүмкін.

43. Алқаағаштарды шырын ағызу мерзімімен бұрын есептен шығаруға тек олардың санитарлық жәй-күйі күрт нашарлаған немесе өрттен зақымданған жағдайда ғана рұқсат етіледі.

44. Қазақстан Республикасының ормандарында шайыр дайындау Ережелеріне

сәйкес белгіленген алқаағаштардан шырын алуды жүргізу мерзімі сол жұмыстар басталатын жылғы қаңтардың 1-інен жылдың соңы желтоқсанның 31-іне дейін бүкіл кезеңіне арнап белгіленеді.

Қосымша ағаш материалдарын дайындау

45. Қосымша ағаш материалдарын дайындау, әдеттегідей, кесуге бөлінген сүрекдіндерде жүргізіледі және Қазақстан Республикасының орман шаруашылығын мемлекеттік басқару органы бекітетін қосымша ағаш материалдарын дайындау Ережелеріне, сондай-ақ ағаш кесу ережелеріне сәйкес жүзеге асырылады.

46. Өнеркәсіптік ұқсату, ағаш кәсіпшілігін дамыту және халықтың мұқтаждарын қанағаттандыру үшін қосымша ағаш материалдарын дайындау орманға залал келтірмейтіндей етіп жүзеге асырылуға тиіс.

Қабық пен сүрек көгершін дайындау мақсатымен өсуі тоқтаммаған ағаштарды кесуге тыйым салынады.

Қабық пен сүрек көгершін (қылқан жапырақтылар мен жалпақ жапырақты тұқымдар бұталарын) дайындауға тек ағаш кесудің барлық түрлерін сақтау тәртібімен кесілген ағаштардан жүргізуге рұқсат етіледі.

Қурап тұрған және ағаштар шырпыларынан қабық дайындауды орман қорының бүкіл аймағында жүргізуге рұқсат етіледі.

47. Орман ішіндегі дайындау, ұқсату және қосымша ағаш материалдарын тасу мерзімдерін ағаш дайындаушылармен келісім-шарт бойынша 12 айға дейінгі шекте орман иеленуші белгілейді. Дайындалған қосымша ағаш материалдарын куәландырғанға дейін рұқсат құжаттарда көрсетілген уақытша ағаш қоймаларына тасып әкелуге ғана жол беріледі.

48. Ағаш дайындаушылардың қосымша ағаш материалдарын тасымалдауды кейінге қалдыруына осы Ережелердің 16-тармағында көзделген тәртіппен рұқсат етіледі.

Даярлық жұмыстары

49. Даярлық жұмыстарына мыналар:
сүректі алғаш бөлу мен өңдеу үшін қондырғы мен жамылғылар салу, сондай-ақ уақытша мақсаттағы түрліше тұрпатты ғимараттар, тұрғын үй мен шаруашылық құрылыстар салу;

ағаш қоймалары мен олар орналастырылатын алаңдарды тазарту;
ағаш таситын жолдар салу мен сүрлеулер жасау;
соқпақтарда кеспеағаштарды бөлу, жұмыс қауіпсіздігіне бөгет жасайтын ағаштарды жинастыру, сондай-ақ кеспеағашты пайдалануға даярлыққа

байланысты басқа да жұмыстар жатады.

5 0 . < * >

Ескерту. 50-тармақ алып тасталды - ҚР Үкіметінің 2003.04.14. N 358
қ а у л ы с ы м е н .

5 1 . < * >

Ескерту. 51-тармақ алып тасталды - ҚР Үкіметінің 2003.04.14. N 358
қ а у л ы с ы м е н .

52. Даярлық жұмыстарын (жолдар, ағаш қоймаларын салу т.б.) жүргізуге байланысты кеспеағаш шегі сыртындағы алаңдарды бөліп беруге - бірінші топта облыстық орман шаруашылығын мемлекеттік басқару органының, екінші топта - орман иеленушінің рұқсатымен жол беріледі.

53. Даярлық жұмыстарын жүргізу кезінде дайындалған сүрек ағаш дайындаушыға бөлінген кесілетін ағаш қоры есебіне жатқызылады.

54. Қосымша ағаш материалдарын дайындаушылар белгіленген тәртіпте ағаш материалдарын ұқсату үшін уақытша қондырғылар, сол сияқты рұқсат құжаттар берілген күннен бастап өнімдер үшін уақытша қора-қопсы мен қоймалар салуға қ ұ қ ы с ы б а р .

55. Белгіленген тәртіпте тұрғызылған құрылыстар, ғимараттар, қондырғылар мен лапастарды ағаш дайындаушы сүректер мен орман материалдарын тасып алуды аяқтаған соң бір жыл ішінде бұзып алуға тиіс. Белгіленген мерзім ішінде бұзып алынбаған барлық құрылыстар, ғимараттар, қондырғылар мен лапастар орман иесінің қарамағында қалады.

Облыстық орман шаруашылығын мемлекеттік басқару органы қажет болған жағдайда құрылыстарды, ғимараттарды, қондырғылар мен лапастарды неғұрлым ұзақ мерзімге ағаш дайындаушының қарамағында қалдыруға құқы бар.

Ағаш кесетін, алқаағаштардан шырын мен шайыр алатын және қосымша ағаш материалдарын дайындайтын жерлерді куәландыру

56. Орман иеленуші орман пайдаланушылардың қолданылып жүрген орман заңдары талаптарын берік сақтауына, ал жұмыстар аяқталған соң кеспеағаштардың толықтығын және дұрыс әзірлеуін, алқаағаштардан шырын мен шайыр алынуын жүргізуді, қосымша ағаш материалдарын дайындауды анықтау мақсатында, сондай-ақ орман пайдалануды кесілмей қалған ағаштар мен тасылып алынбаған сүректі, қосымша ағаш материалдарын және басқа тәртіп бұзушылықты анықтау үшін ұдайы бақылауды жүзеге асыруға, Қазақстан Республикасының орман шаруашылығын мемлекеттік басқару органы бекітетін алқаағаштарды кесетін, шырын мен шайыр алатын, қосымша ағаш материалдарын

дайындайтын жерлерді куәландыру жөніндегі нормативтік құжаттарға сәйкес алқаағаштарды кесетін, шырын мен шайыр алатын, қосымша ағаш материалдарын дайындайтын жерлерді куәландыруды жүргізуге міндетті.

57. Рұқсат құжаттарда көрсетілген тасымалдау мерзімі аяқталған жерде ағашы кесілген және қосымша ағаш материалдары дайындалатын барлық жерлер , сондай-ақ жыл сайын шырын ағуының белгіленген мерзімі аяқталғанға дейінгі шырын ағатын барлық алқаағаштар орналасқан жерлер куәландырылады.

Мерзімнің аяқталуы бойынша сүрек пен қосымша ағаш материалдарын дайындау мен тасып алуға арналған мерзімді кейінге қалдыруды беру кезінде осы шегерушілікті қайтадан куәландырылу жүргізіледі.

58. Сүрек пен қосымша ағаш материалдарын саны бойынша есепке ала отырып босату кезінде оларды тасып алу басталғанға дейін олар уақытша тасып үйілген жерлердегі дайындалған сүрек пен қосымша орман материалдары санына куәландыру жүргізіледі. Бұл орайда өрт зақымданған алқаағаштарда, сондай-ақ дауыл құлатқан және жел сұлатқан ағаштарды эзірлеу кезінде осы сүректі есепке алуды ұйымдастырған жағдайдағы төменгі қоймаларда куәлік беру жүргізілуге т и і с т і .

59. Куәландыру мынадай мерзімнен кешіктірілмей:

ағаш кесілетін жерлерде - сүректі тасып шығару үшін белгіленген мерзім аяқталған күннен бастап отыз күн ішінде;

шырын ағатын алқаағаштар үшін - жыл сайын шырын ағу мен шайыр ағатын м а у с ы м а я ғ ы н д а ;

қосымша ағаш материалдарын дайындалған жерлерде - осы материалдарды тасып алу үшін белгіленген мерзім аяқталған күннен бастап 20 күн ішінде ж ү р г і з і л е д і .

60. Куәландыру, жұмыстар аяқталған соң, ағашы кесілген жерлердегі анықталған кемшіліктерді дер кезінде жою және орман шаруашылығы шараларын жүргізу мақсатымен техникалар мен жұмысшылардың басқа объектіге орын ауыстыруына дейін жүргізілуі керек.

Жұмыс рұқсат құжатында белгіленген мерзімнен ертерек аяқталған жағдайда, орман пайдаланушы орман иеленушіге жұмыстардың аяқталған мерзімі жөнінде 1 0 күн б ұ р ы н х а б а р л а й д ы .

Орман иеленуші жұмыстар аяқталған соң 10 күн ішінде орман пайдаланушыға куәландыру күні туралы алдын-ала хабарлап, ағаш кесілетін жерлер мен қосымша ағаш материалдарын дайындауды куәландыруды өткізуге м і н д е т т і .

61. Кеспеағаштарды эзірлеуге объективті баға беру мақсатында (өскінді сақтау, кеспеағашты тазарту, т.б.) куәландыру қарсыз кезеңде жүргізілгені орынды болмақ. Табиғат жағдайларының қанағаттанғысыз кезінде (қар

кабатының елеулі қалыңдығы, өзеннің тасуы, жолдың бұзылуы т.б.) орман пайдаланушымен келісім бойынша орман иеленушінің анықтауымен куәландыру басқа уақытқа ауыстырылады.

62. Дайындалған сүректі немесе ағаш кесілетін жерлерді куәландыру күні туралы орман иеленуші орман пайдаланушыға белгіленген мерзімге дейін 15 күннен кешіктірмей хабарлайды.

Белгіленген мерзімге орман пайдаланушының өкілі келмеген жағдайда орман иеленуші куәландыруды оның қатысынсыз-ақ өткізуге құқы бар. Бұл жөнінде жасалған куәландыру актісі орман пайдаланушыға жіберіледі және бұл ол үшін міндетті болып табылады.

63. Куәландыруды жүргізуші орман иеленушінің өкілдерінде мыналар: рұқсат құжаттар (ағаш кесу билеттері, сүректі шағындап босатуға арналған ордер) немесе оның көшірмесі және сүрек пен қосымша ағаш материалдары тасылып үйілетін жерлер көрсетіле отырып куәландырылуға тиісті әр кеспеағаштың (мөлдектің) абрисі;

өлшеуіш аспаптар мен құралдар (бұрыш өлшейтін құрал, өлшеуіш лента, өлшеуіш айыр және басқа);

кеспеағаштарды бөлу мен таксациялау материалдары (ағаштарды санау ведомосы, кеспеағаштарды материалдық-ақшалай бағалау ведомосы, кесілетін ағаш қорын алдын-ала беру актісі);

куәландыру актілерінің, орман бұзушылық туралы актілердің бланктері, өрт қауіпсіздігі ережелерін бұзушылық туралы хаттамалар, есепте алу ведомостары, материалдық-ақшалай бағалаулар, сондай-ақ қажетті кестелер мен преискуранттар болуы тиіс.

64. Куәландыруға қатысатын орман пайдаланушының өкілдеріне мыналар: өз атына жазылған кәсіпорынның (ағаш дайындаушының) сенім хаты; дайындалған сүрек (оның ішінде кәделік ағаш, отындық жарамсыз шырпы мен бұтақтар), шайыр, қосымша орман материалының саны туралы кәсіпорын басшысы мен бас бухгалтер қол қойған анықтама;

белгіленген тәртіпте рәсімделген технологиялық карта болуы тиіс.

Орман пайдаланушы сондай-ақ куәландыру кезеңінде жұмысшылар мен көліктің қажетті санымен қамтамасыз етеді.

65. Ағаш кесілетін, алқаағаштардан шырын мен шайыр алатын және қосымша ағаш материалдарын дайындайтын жерлерді куәландырудың нәтижелері және орман иеленушімен толық есеп айырысуды жүргізу үшін қажетті көрсеткіштер, сондай-ақ оның куәландыру жүргізу үшін қажетті көрсеткіштер, сондай-ақ оның куәландыру кезінде жасалған ескертпелері орман иеленушінің, орман пайдаланушының өкілдері және куәландыруға қатысқан барлық адамдар қол қойған актіге жазылады. Куәландыру актісіне, нақты куәландыру кезінде

алынған мәліметтерден басқа, сондай-ақ орман пайдаланушының анықтамасының мәліметі бойынша дайындалған кәделік және ағаш сүрегі, шайыр мен қосымша ағаш материалдарының саны жөніндегі мағлұмат енгізіледі. Анықтама, есептеу ведомосы, абристер мен басқа да қажетті құжаттар куәландыру актісіне қоса тігіледі.

66. Өсіп тұрған сүректі шағындап босатуға арналған ордерлер бойынша сүрек пен қосымша ағаш материалдарын босату кезінде куәландыру әрбір ордер бойынша жүргізіледі, нәтижелері ордердің сыртқы бетіндегі куәландыру актісіне енгізіледі. Әрбір ордер бойынша куәландыру нәтижелері негізінде тұтастай кеспеағаш (мөлдек, телім) және ағаш кесу билеті бойынша куәландыру актісі ж а с а л а д ы .

67. Куәландыру кезінде қолданылып жүрген орман заңдарын бұзушылық анықталған жағдайларда орман бұзушылық жөнінде акті жасалады.

68. Куәландыру нәтижелері бойынша жинақталған мәліметтерді орман иеленуші статистикалық есеп берудің белгіленген нысаны бойынша облыстық орман шаруашылығын мемлекеттік басқару органына ұсынады.

69. Ағаш дайындаушыларға бөлінген кесілетін ағаш қорын дұрыс орналастыру мақсатында орман иеленушілер әр жылғы қаңтардың 1-індегі жәй-күйге қарай ормандардағы өткен жылы кесілмей қалған ағаштардың, ағашын кесу аяқталмаған кеспеағаштардың - оған кесу мерзімі кейінге қалдырылған және өткен жылдың ағашын кесу басталмаған кеспеағаштардың барлық топтарын, ал 1 мамырға осындай мөлшері дайындалған, бірақ тасылып алынбаған, мерзімі кейінге қалғанын есепке ала отырып - сүрек санын анықтауға және олардың келесі жылдың кесілмеген ағаш қоры есебіне жатқызылуына е с к е р т у г е м і н д е т т і .

70. Куәландыру, нәтижелерінің есебі әрбір кеспеағаш (мөлдек) бойынша жүргізіледі, ол жөніндегі мәліметтер ағаш кесу билетінде жеке-дара жазылып енгізілген. Сондай-ақ кеспеағаштармен қатарлас орналасқан 50 метрлік алқаптар да к у ә л а н д ы р у ғ а ж а т а д ы .

71. Ағаш кесілетін жерлерді куәландыру кезінде кеспеағаштардың толымдығы мен әзірлеу дұрыстығы, кеспеағаштарды әзірлеу технологиясының технологиялық картаға және ағаш кесу ережелеріне сәйкестігі (кеспеағаштар мен соқпақтардың ені, жүк тиелетін алаңдарды, қоймаларды және басқа көмекші объектілерді орналастыру, орман өсіру талаптарын сақтау) анықталады.

Әрбір кеспеағаш бойынша куәландыру кезінде мыналар:

кеспеағаш шекарасының және онымен қанаттас орналасқан 50 метрлік алқаптың жәй-күйі, сондай-ақ шекаралық, шаршылық, орман шектеу және басқа б а ғ а н а л а р ;

дайындалған сүректің саны;

тасылып алынбаған сүректің болуы;
тыйым салынған уақыттағы дайындалған және сүйретілетін сүрек саны;
кабығынан аршылмаған немесе басқаша тәсілдермен қорғалмаған сүректің
б о л у ы ;

ағаштардың болуы;
тұқымбақтардың, тұқымдық телім мен алқаптың, сондай-ақ кесуге болмайтын
ағаштардың сақталуы;

сүйемелі ағаштардың болуы;
биік түбірлердің болуы, ағаштар діні мен түбірлердегі нөмірлер мен
таңбалардың сақталуы;

өскіндердің, жас шыбықтардың және орман өсімдіктерінің сақталуы;
кеспеағашты тазартудың сапасы;
топырақ эрозиясының тууына ұшыратқан өсімдік жамылғысы тұтастығының
б ұ з ы л у ы ;

орманды қалпына келтіру шараларын өткізу қажеттігі және орын орындау
м е р з і м і ;

қолданылып жүрген орман заңдарының өзге бұзылуы анықталады.

Орманды күтіп-баптау үшін ағашты кесе отырып өткізілген алқаағаштарды
куәландыру кезінде оның өткізу сапасына ормантану тұрғысында баға (дер
кезділігі, интенсивтілігі, кесуге ұйғарылған ағаштардың негізділігі және т.б.)
беріледі бұл жөнінде куәландыру актісінде белгі жасалады.

Куәландыру кезінде сондай-ақ ағаш тасылатын жолдар бойына (негізгі жол,
тармақтар, мүйістер) тасталған ағаштардың саны анықталады.

72. Орман иеленушілер жыл сайын шырын (шайыр) ағызу жұмысы басталар
шақта берілген телімдердегі екпелердің ұтымды пайдаланылуын және жәй-күйін,
сондай-ақ қабылданған технология мен стимуляторлардың берік сақталуына
тексеруді жүзеге асырады. Маусымның соңында осы екпелерді куәландыруды
ж ү р г і з е д і .

Куәландыру кезінде мыналар:

шырын (шайыр) ағызудың басталуы мен аяқталуы мерзімдерінің сәйкестігі;
орманның нақты шырын ағызылып алынған телімдерінің алаңы мен
шекарасының ағаш кесу билетінде көрсетілген мәліметпен сәйкестілігі;
алқаағаштардың жәй-күйі, қоқыстардың бар-жоғы;
шаршылық, орман шектеу, мөлдектік және өзге бағаналардың жәй-күйі;
телім шегіндегі, сондай-ақ онымен жапсарлас 50 метрлік алқаптағы кесілген
және зақымдалған ағаштардың (өсуін тоқтатуының жеке деңгейіне дейінгісі және
оған тең келмейтіні) болуы;

қалдырылған тұқымбақтар мен тұқымдық телімдердің сақталуы мен
жәй-күйі, сондай-ақ олардағы таңбалар мен нөмірлердің сақталуы;

жұмыстарды жүргізудің қабылданған технологияға сәйкестілігі;
орман заңдарын өзге де бұзу фактілері белгіленеді.

73. Қосымша ағаш материалдары дайындалатын жерлерді куәландыру кезінде
м ы н а л а р :

учаскелердің алаңы мен шекарасының сәйкестілігі;
ағаш дайындауға бөлінген алаңдардың толық пайдаланылуы;
учаскенің жәй-күйі, оның қоқыстылығы;
шаршылық, орман шектеу, мөлдектік және өзге бағаналардың жәй-күйі;
телімдегі сияқты онымен жапсарлас 50 метрлік алқаптардағы кесілген және
зақымданған ағаштардың болуы;
топырақ эрозиясының тууына ұшыратқан өсімдік жамылғысы тұтастығының
б ұ з ы л у ы ;

жұмыстарды жүргізудің қабылданған технологияға сәйкестілігі;
қолданылып жүрген орман заңдарын өзге де бұзушылығы белгіленеді.

74. Куәландыру процесіне тәртіп бұзушылық болған жағдайда орман
пайдаланушыға орман шаруашылығына келтірілген нұқсанды өтеу бойынша
белгіленген тәртіппен айыптық санкция қолданылады.

75. Сүрек пен қосымша ағаш материалдарын саны бойынша есептеп босату
кезінде куәландыру дайындалған сүректі немесе материалдарды аралық
куәландыру актілері бойынша уақытша үйілген жерлерден тасылып алынуға
д е й і н ж ү р г і з і л е д і .

76. Ағаш дайындаушының анықтамасы және аралық куәландыру актілері
бойынша алынған мәліметтер ағаш кесу билеттерінің мәліметтерімен
салыстырылады, сөйтіп, бұл нақты дайындалған сүректің барлық саны үшін ағаш
дайындаушыға түпкілікті есеп айырысу үшін негіз болып табылады.

77 - 82 . < * >

Ескерту. 77-82-тармақтар алып тасталды - ҚР Үкіметінің 2002.04.15. N 431
қ а у л ы с ы м е н .

83. Орман пайдаланушылармен түпкілікті есеп айырысудың негізі мыналар:
ағаш кесу билеттері (ордерлер);
ағаш кесілетін жерлерді, қосымша орман материалдарын, алқаағаштардан
шырын мен шайыр алатын жерлерді дайындауды куәландыру актілері,
дайындалған сүрек пен материалдар саны туралы анықтамалар, сондай-ақ нақты
дайындалған сүректің немесе материалдардың мөлшерін дәлелдейтін басқа да
қ ұ ж а т т а р ;

төлемдердің қайта есеп айырысу материалдары;
осы Ережелерді бұзушылық туралы орманшылық, орман шаруашылықтары,
жоғары деңгейдегі орман шаруашылығын мемлекеттік басқару органдары мен
салық органдары жасаған актілер болып табылады.

Ескерту. 84-тармақ алып тасталды - ҚР Үкіметінің 2002.04.15. N 431 қаулысымен .

Осы Ережелерді бұзғаны үшін жауапкершілік

85. Осы Ережелерді бұзғаны үшін айыпты адамдар Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жауапкершілікке тартылады.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК